

Жиёмбет Бортоғашұлы XVII ғ. аса көрнекті ақыны, ірі ойшылы, қырағы сардары. Ол Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы. Жиёмбеттің бұлайша халық аузында сақталуы, ол ең алдымен елдің көкейіне қонымды жыр толғап, бойындағы ақындық шабытын батырлықпен байланыстырған болса керек. Мұның үстіне, Жиёмбет өзі тұстас кейбір хан мен билерге наразылық білдірген, тіл тигізе батыл сөздер де айтқан, өз дәуірінің өткір азаматы болған.

IKAZ.KZ - ашық мәліметтер порталы



- 0 Кейбір деректер бойынша Би Темірұлы Тәуекел ханды да көрген, оған арнап өлең де шығарған. Тәуекелге айтқан сөздерінің үлгісі «Ертедегі қазақ әдебиеті» хрестоматиясында басылған.
- 0 Жиёмбет жырау кіші жүз, он екі ата Байұлының бір атасынан, алшын тайпасынан. Бір атадан Жиёмбетпен бірге Жолымбет, Ахмет деген ұлдар туады. Туып-өскен жері — қазіргі Орал облысы, Тайпаң ауданы. Негізгі мекені — Байбарақ, Байшерек деген жерлер.

0 Жиёмбет кезінде Есім ханмен жағаласып өткен батыр жырау. Есім оны қатты жазалап, тұтқындау амалын да қарастырғанға ұқсайды. Осыдан Жиёмбет пен Жолымбет елден безіп, бөтен жаққа қашып кетуге мәжбүр болған. Жиёмбет пен Есім хан арасында ел аралық бітімгерлік, жер дауы, жесір дауы кезінде келіспеушілік өрістей берген. Бетің бар, жүзің бар демей, турасын кесіп айтатын өжет батыр ханның озбыр жөн-жосықсыз іс-әрекеттеріне қарсы болып, көптеген өлеңдер шығарған. («Еңсегей бойлы Ер Есім...», т.б.)

- 0 Жиёмбеттің көлемді бір толғауы «Жақсы үгіт» жинағында 1908 жылы басылып шықты. Ол жыраудың Есім ханға айтқан жыры. Жырау ханға еткен істерін еске салып қана қоймай, кейде өзінің батырлық жорықтарын баяндап, айбар да көрсетеді.
- 0 Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Жиёмбет тек жырау ғана емес, жиһанкез де болғанға ұқсайды. Қазақстаннан басқа көптеген жерлерді аралаған сияқты.

0 Халық Жиёмбетті әділ би, шешен жырау, айлалы «аруақты» батыр деп дәріптейді. Жиёмбет жыраудың аты «Қазақ тарихында» да аталады. Жиёмбетті халық ақындары жақсы білген. Оның өлеңдерін Ығылман Шөреков соңғы кезге дейін жырлап келген. Ол «Жиёмбет батырдың ашуы» деген тақырыпта толғаулар айтқан.

0 Жиёмбеттің ақындық өнері өз кезіндегі жыраулардан кем түспеген. Ол — халық ауыз әдебиеті жетістіктерін жете меңгерген суырып салма импровизатор. Әсіресе өзінің бойындағы қасиеттерді бейнелеуге қолданған теңеулерінің асқақ та айқын екендігін атап көрсету орынды. Олар жыраудың тіл ерекшелігін де таныта алады. («Менің ерлігімді сұрасаң...»).

О Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім!
Арманда болып барамын,
Қоштасуға аял жоқ,
Қалқаман, Шолан ерлерім!
Қайрылып кадам басарға,
Күн болар ма мен сорға!
Ханға қарсы тұрам деп.
Түн ұйқымды бөлгенмін,
Жұртымды жөнге салам деп.
Бас кесе де басылмай,
Ақ ісімді жасырмай,
Атқа мінген ер едік.
Қашырды бүйтіп елімнен,
Күйеуден безген қатындай.
Өзен, Арал жерлерім,
Қиядан қалды көрсеткен,
Төбеңе шығар күн бар ма?
Жотасы биік Дендерім,
Қайрымсыз болған хандарға,
Тиер ме екен бір күні,
Жолбарыстай шеңгелім!